

Нұрбұлақ ауылына көше атауын беру туралы

Ақтөбе облысы Алға ауданы Қарағаш ауылдық округі әкімінің 2008 жылғы 3 қарашадағы N 13 шешімі. Ақтөбе облысының Алға аудандық әділет басқармасында 2008 жылдың 10 желтоқсанда N 3-3-62 тіркелді

Ескерту. Шешімнің атауында және бүкіл мәтініндегі "Шибаяевка" сөзі "Нұрбұлақ" сөзімен ауыстырылды - Ақтөбе облысы Алға ауданы Қарағаш ауылдық округі әкімінің 06.01.2017 № 1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) ш е ш і м і м е н .

Ескерту. Шешімнің деректемелерінде және бүкіл мәтініндегі "селолық" сөзі " ауылдық" сөзімен ауыстырылды – Ақтөбе облысы Алға ауданы Қарағаш ауылдық округі әкімінің 20.01.2016 № 1 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес және Нұрбұлақ ауылы халқының пікірін ескере отырып, Қарағаш ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - Ақтөбе облысы Алға ауданы Қарағаш ауылдық округі әкімінің 23.01.2020 № 3 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Қарағаш ауылдық округіне қарасты Нұрбұлақ елді мекеніне көше атаулары берілсін:

- 1) "Шипагер"
- 2) "Достық"
- 3) "Жәнібек Атыраубаев" атындағы көше
- 4) "Жастар"
- 5) "Шарапат"
- 6) "Өрлеу"
- 7) "Арна"

2. Осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қарағаш ауылдық округінің әкімі

А Абдуалиева